

АНА ТІЛІ

Үлгі Тағамы

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

«Желқайық» желкенді емес, жетелі жолға қол бұлғайды



Жазушы Тұрысбек Сәукетаевтың «Қилы тағдыр» романдар топтамасының ішіндегі «Желқайық» романын оқығанда соцреализмнің құрсауымен айтылмаған тағдырлар, ашылмаған аралдарға тап боласыз. Мұнда бұрынғы «жағымды кейіпкер», «жағымсыз кейіпкер» деген жоқ. «Жағымдысы» жағымсыз, «жағымсызы» жағымды болып көріне беретін боямасыз өмірдің өзі. Адамдардың жан дүниесі алақандағыдай айқын көрініп, кең ауқымда барынша көркем, бай тілмен шебер ашылған. Бағзы кездерде деректі зерттеулермен, публицистикалық пайымдармен айтылса да әдеби көркем образдармен әдіптелмеген, сондықтан да көптеген саналарға жетпеген, ұғылмаған дүниелер алдыңнан лек-легімен көрініс береді. Оның ішінде даналық та, надандық та, құлық та, сұмдық та, ақымақтық та, ақылдылық та, сұм-сұрқиялық та апаларымыздың сандыққа бүктеп салып қойған дүниелеріндей қабат-қабатымен шыға келеді.

Ауылда жүріп қайдағы бір журналдардан суретін көрген париждік аристократ әйелдердей боламын деп тыраштанған желөкпе әйелдің тағдыры бұрын-соңды қазақ әдебиетінде көрінбеген құбылыс. Сүйген жігіті соғыста қаза болғанда сезімтал қыз бұл дүниенің тәлімін тәрк етіп, басқа әлемге, бөтен болмысқа ұмтылады.

Үстіндегі киімімен ғана емес, ой-санасымен, бітім-күтімімен, қылық-былығымен бұл әйел шексіз еркіндікке беріліп, қазақ ортасының шектеулеріне, қалыптасқан қағидаларына, ырым-жырымына пысқырмайды. Жұрттың үріккеніне, әпенді санап мүсіркегеніне де мән бермейді. Кейбір еліккіш жастар өзі қызығатын образдарды сыртқа шығармай ішінде сақтап, сондай болмақ қиялын құпия ұстаса, бұл бәрін шашып-төгіп ешкімнен именбей образға кіріп кетеді. «Мейрам-мерекелерде, болмаса, көңіл күйіне қарай, кез келген күні апасы патефон ойнататын. Ондайда барын киіп, шашын тарап, ерекше сәнденеді. Әбігерге түсіп үй ішін дайындағанын көрсең. Дәл бір, бір қора мейман келетін тәрізді. Төргі бөлмедегі темір кереуеттен бастап, ұсақ-түйек заттың бәрін ерінбей-жалықпай ауызғы үйге шығарады... Терезенің пердесін түріп, күн бұлыңғыр болса, шамды жарқыратып жағып қояды. Ойнататыны жалғыз-ақ күйтабақ: бір жағы – «Амур толқындары», екінші беті – «Манчжурия жоталарында». Үй ішіне ұйытқып сиқырлы сағыныш лап қояды. Алқынып, арбап жүрек шымшиды. Аққудың сұңқылы, толқынның дірілінде адасқан әлдебір асыл арман күлімсірей, сәл мұңайып, алыстан қол созып тұрғандай, апасының сол сәт жүзіне ерекше бір жылт ойнап шыға келетін. Екі көзі әнтек ұшқын атып, бөлменің бір бұрышынан, яғни өзі елестетіп тұрған кеңістіктен шыға келер әлдекімді дегбірсіздене күткендей, алыс түкпірлерге сүзіле қарайды. Үшбұрыштап иығына бос тастай салған жеңіл ақ түбіт шәлінің ұштарын шымши ұстап, білектерін айқастырған күйі көңілі ала құйын тыпыршып тұрғаны. Кенет екі бетінің ұшы лып қызарып, наздана сызылып, алдындағы елеске оң тізесін сәл бүге реверанс жасайды да, қанатын жая ұмтылып, вальстың ырғағымен жеп-жеңіл қалықтай жөнеледі».

Сағыныш пен аңсаудың шарықтау шегіне жеткен әйел жанының шырқыраған көрінісі осы. Көп адам мұндайды жынды дейді, жұмсартқандары әулекі дейді. Бірақ әйел жанын түсінуге тырысқан жандар оны ұғуға тырысады. Бұл нағыз «санасымен сарғайған» әйелдің бейнесі.

Бірақ бұл біздің түсінігіміздегі идеал әйел емес. Ол санасымен сарғайса да жалғыздықтан жанын отқа салмаған, тәнінің қызулығын тежей алмаған, қызығынан құр қалмаған. Өйткені ол өзін барлық қайғысын үнсіз жеңетін қайсар қазақ әйелі емес, ой санасымен еркін өмірді аңсайтын «парижанкамын» деп ойлайды ғой. Бірнеше еркектен жеті бала туып жүргені де сол. Оларды кәдімгі ана болып бағып-қаққан да емес, соңғы үшеуін қалдырғанымен алғашқыларын «қойшы-қолаңның баласын шулатып асырап отырам ба» деген үркеппелікпен Балалар үйіне «өткізе салған». Бахтиярының түр-түсін соғыста қаза болған сүйген жігіті Асхатқа ұқсатқандықтан ғана аман алып қалған. Жан-тәнімен құлаған Асхатқа ұқсас болғандықтан оны еркелеткені де